

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

прикрытием международных религиозных организаций и зарубежных неправительственных организаций [7]. Я думаю, все сегодня это понимают.

Сегодня весь мир столкнулся с небывалым масштабом террористической угрозы. На самом высоком уровне высказываются намерения, предложения по объединению усилий в борьбе с этим злом. Но что же мы видим в реальности? Каждая страна сама вынуждена противостоять террористической угрозе, при этом реально эффективных шагов по налаживанию этих самых коллективных усилий не предпринимается. В этом смысле, борьба с угрозой терроризма будет в полной мере эффективной при условии одновременного реформирования уголовного и уголовно-процессуального законодательства в сторону ужесточения, обеспечения бескомпромиссной борьбы, а также усиленной профилактической работы.

Список использованных источников:

1. Конституция Республики Казахстан Конституция Республики Казахстан от 30.08.1995 года (с изменениями и дополнениями по состоянию на 02.02.2011 г.);
2. Сапаргалиев Г.С. Конституционное право Республики Казахстан: Академический курс. - Алматы: Жеті жарғы, 2002, С. 203;
3. Канафин Д.К. Обзор основных новелл Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан. Выпуск 2 // URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=38094984;
4. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 года № 231-V (с изменениями и дополнениями по состоянию на 24.11.2015 г.) // URL: http://online.zakon.kz/document/?doc_id=31575852;
5. Отчет о зарегистрированных преступлениях и результатах деятельности органов уголовного преследования за 12 мес. 2015 года. Информационный сервис Комитета по правовой статистике и специальным учетам // URL: <http://service.pravstat.kz>;
6. Послание Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н.А. Назарбаева Народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: Новый политический курс состоявшегося государства», 14.12.2012 года // URL: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31305418;
7. Нысанбаев А.Н., Колчигин С.Ю. Проблемы религиозно-политического экстремизма в контексте национальной безопасности государства // Религия в политике современного Казахстана. - Астана: Елорда. – 2004, С.233.

УДК 008:070

Ә.БӨКЕЙХАННЫҢ ЖУРНАЛИСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Алма Сайлауқызы

nur-Alma@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану
факультетінің докторанты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Қ.Ө.Сақ

Баспасөз қай уақытта да қоғамдық өмірдің айнасы, шығып тұрған заманының шынайы шежіресі екендігі белгілі. Оған Алаш басылымдарының тағдыр тауқыметі мен көтерген көкейкесті мәселелерін тарата талдау барысында тағы да көзіміз айқын жетті. Алаш көсемсөзінің XX ғасыр басындағы қазақ қоғамдық өмірі тарихынан алар орны ерекше. Оның әдебиетіміз бен мәдениетіміздің гүлденіп дамуына ғана емес, ұлттық ой-сананың бүр жарып, азаттық идеясының лаулап жануына, ел тәуелсіздігі жолындағы ғасырларға ұласқан ұлы күрестің қанат жайып, ақырында жеңіске жетуіне қосқан үлесі орасан зор.

Алаш идеясының көшбасшысы болған, 2016 жылы 150 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтейін деп жатқан Әлихан Бөкейханның саяси, экономикалық,

аудармашылық еңбектері және сол саламен байланысты өмір жолы туралы зерттеушілер мен бұқара халық біршама таныс деп айта аламыз. Алайда, оның қазақ кәсіби журналистикасының бастауында тұрған өзіндік дара орны мен жасаған қызметі туралы зерттеулер әлі де болса теңізге тамған тамшыдай болып тұр. Бұл мақала осы тақырыпты тарқатып көрмек.

Бүгінгі күнге дейін дәл осы тақырыпқа қалам тербеп, ізденген ғалымдарды қарастырғанда, Әлихан Нұрмұхамедұлының журналистік қызметі туралы тарихшы, профессор Мәмбет Қойгелді аздап сөз қозғаса, сондай-ақ профессор, марқұм Үшкүлтай Сұбханбердинаның, тарихшы Қырықбай Алдаберген мен тілші-ғалым Ғарифолла Әнестің, алаштанушы ғалымымыз Қайрат Сақтың Алаш көсемсөзі мен ондағы Әлихан Бөкейханның рөлі және оның кейбір лақап есімдері туралы жазған бірқатар дүниелерді таба алдық. Ал профессор Шолпан Забихтың «Әлихан Бөкейхан – саясаткер, публицист, журналист» атты кітабы – осы тақырыптағы сүбелі еңбектің бірі. Дәл қазіргі кезде Әлихандай арысымыздың кәсіби журналистік қырын тиянақты түрде жан-жақты зерттеп жүр деп әлихантанушы-ғалым – Сұлтанхан Жүсіпті айта аламыз.

XX ғасырдың басында бодандықтан зәразап болған қазақ ұлты еркіндікке ұмтылса да, оның сенім білдірер ауызбірлігі, үміт артар әскері, арқа сүйер жақтастары, иек артар материалдық жағдайы мен айқындалған шекарасы болмады. Ресей империясы тарапынан күн өткен сайын күшейіп жатқан отаршылдық қамыты күшейіп жатқан осы қысылтаяң шақта ұлтына темірқазықтай болып жол көрсеткен біртуар арыстарымыздың жалғыз сүйенері – елді жұмылдырып, санасын оятатын баспасөзі еді. Ол баспасөз – демократиялық құндылықтарды ту еткен, ұлттық азаттықты аңсаған еркін баспасөз болатын.

Сұлтанхан Аққұлұлының зерттеуіне сүйенсек, Әлихан Бөкейханның өзінен кейінге қалдырған бай ғылыми-публицистикалық мұрасының тек библиографиялық көрсеткішінің өзі 30 беттен асады. Оның 1000-ға тарта мақала-очерктері мен басқа да туындылары жалпы 50-ден астам қазақ және орыс газет-журналдарында 40-қа таяу бүркеншік есімдермен жарық көрген.

Әлихан Нұрмұхамедұлының белсенді журналистік-публицистік жолы 1889 жыл мен 1927 жылдар аралығын қамтиды. Яғни, бас-аяғы 40 жылдай уақыт бойы оның қаламы қолдан түспеген. Әлиханның қазақтың тұңғыш кәсіби журналисі, әрі редакторы ретінде атқарған қызметтерін енді өзіндік ерекшелігі мен мазмұндық сипаты тұрғысынан жік-жігімен бөліп жеткізуді жөн санап отырмыз. Олар:

1. Үздіксіз публицистік қызметі
2. Бүкілресейлік бірнеше басылымының редакция алқасының мүшесі және белсенді авторы болуы
3. Патшалы Ресей аумағына тараған үш газетке редакторлық етуі
4. Қазақ елінде тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін ұйымдастырып, ашуға мұрындық болуы

1. Алдымен Әлихан Нұрмұхамедұлының үздіксіз публицистік қызметі қандай дүниелерден тұрды десек, олар:

- Публицистік мақалалар мен зерттеулер, пікірталастар мен үндеулер (Ұлттық-демократиялық мәселелер басты нысанда: жер мәселесін шешу, саяси сауаттылықты, діни сауаттылықты, оқу-ғылымды арттыру және т.с.с. мақсатымен қоғамның ой-санасын көтерген мақалалар. Мыс: «Қазақта мүфтилік мәселесі, «Бөкейліктердің мүфтилікте қалуы» «Мұсылман сиезі», т.б.)

- Әдеби және саяси тақырыптағы аудармалар («Сурат кафеханасы» (Л.Толстой, 1900), «Қажымұрат» повесі (Л.Толстой, 1920, 1924), «Мақардың түсі» (В.Короленко), «Симонның әкесі» (Ги де Мопассан), «Жұлдызды бала» (Оскар Уайльд), «Жетпіс жеті мысал» жинағы (Эзоп пен Л.Толстой, 1925), (К.Маркс - Коммунистический манифест, «17 қазан Манифесі», «Коммунистік жар» бағдарламасы (1926) және т.б.)

- Тарихи очерктер (Исторические судьбы Казахского» («Киргизского») края и культурные его успехи» (соавтор, 1903) «Қазақтар» тарихи очеркі (1910)

- Әдеби сын, рецензиялар мен фельетондар («Дала уалаяты газеті», 1900) «Роман деген не?» («Қазақ», 48-нөмір), «Қалқаман-Мамыр. Сын», («Қазақ», 1915 №121), «Қара қыпшақ қобыланды» («Қазақ», 1916 №126-129)

- Мұнақып (Азынама) (Мәскеулік ғалым К.А.Вернер (1904), Абай (1904) неміс жұмысшыларының көсемі Август Бебель, америкалық кәсіпкер-филантроп Альфред Вандербильт, түрік саясаткері Хасейн Халами паша, Евгений Михаэлис, француз қайраткері Жан-Жорес, Александр Коллюбакин, сырлас достары Барлыбек Сырттанұлы, Кәкітай Ысқақұлына арналған азынамалар және т.б.)

2. Бүкілресейлік бірнеше басылымның редакция алқасының мүшесі және белсенді авторы болуы

Әлихан Нұрмұхамедұлы «Сибирские вопросы» журналы (1908-1910) мен «Степной край» (1895-1897, 1902-1903), «Семипалатинский листок» (1905-1907) және «Сибирская жизнь» (1906-1917) газеттерінің, энциклопедиялық баспаның редакцияларына мүше болды. Бүкілресейлік басылымдардың редакциялық алқасына мүше болу деген сөз – өзін кәсіби журналист ретінде толық мойындатқандығының көрінісі деп білеміз. Саяси өте сауатты қаламгерді орыстың ілгерішіл қоғам қайраткерлері, Г.Потанин, Ф.А.Щербина, С.П.Шевцов, В.В.Бартольд және Ф.В. Радлов сынды ғалымдар мен академиктер жоғары бағалаған.

Араға 5 жылдай салып Омбыға енді оралған Әлиханның газет жұмысына шақырылу тарихына оның ғылым мен саяси күресі жолындағы көп жылғы әріптесі әрі досы Сергей Швецов «Северная Азия» журналында жарияланған «Омская газета «Степной край» и политическая ссылка» айдарымен берілген естелігінде жан-жақты тоқталып өтеді. С.П.Шевцовтың естелігіне қарағанда, Ә.Н. Бөкейхан газеттің «марксисттік бағытының өкілі болды» және «еш күмәнсіз оның мейлінше жарқын уағыздаушысы» болды. «Я бы сказал даже – единственно ярким», - деп шегелейді өз пікірін естелік авторы.

3. Патшалы Ресей аумағына тараған үш газетке редакторлық етуі

«1906-1907 ж.ж. кейіннен әкімшілік шешімімен жабылған омбылық «Иртышъ», «Омичъ», және «Голос степи» газеттеріне редакторлық жасаған». Қазақтың ұлттық лидері Әлихан Бөкейхан туралы осы сөйлем Ф.А.Брокгауз бен И.А.Ефрон шығарған «Жаңа энциклопедиялық сөздіктің» 8-томының 452-бетінен алынып отыр. Бұл еңбек – Төңкеріске дейінгі Ресейдегі Немістің «Брокгаузы» мен француздың «Ларусынан» тақырып аясы мен мазмұн тереңдегі бойынша артық түспесе, кем түспеген ең беделді энциклопедия болғанын айта кеткен жөн. Оның үстіне Әлихан Нұрмұхамедұлының автобиографиясында 1908 жылдан бастап, аталған энциклопедияның 8-томынан 22-томына дейін редакциялық алқасында болғанын ескерсек, оның қате жазуы мүмкін емес екеніне көз жеткіземіз. Осылайша, Әлихан Бөкейхан әлемдік дәрежедегі энциклопедияның бір бетіне өзі туралы ақпарат қалдырып, кейінгі ұрпақ шындықты аршып аларына үміттенгендей көрінеді.

«**Иртышъ**» газеті – Патшалы Ресейдің «Народная свобода» партиясының Ақмола Облыстық және Омбы қалалық комитетінің реми баспасөзі болған басылым. Ол 1906 жылдың шілдесінен бастап тұрақты түрде шыға бастаған. Де-юре редакторы (яғни құжат бойынша редакторы) заңгер, әрі адвокат, Омбы тұрғыны, Әлиханның жақын досы, әрі адвокаты болған - Иван Аксентьевич Поваренныхъ болса, де-факто, яғни іс жүзіндегі редакторы Әлихан Бөкейхан болған. Бұл – Дала өлкесі Патша әкімшілігінің Әлекеңді қудалауына байланысты жасалған амал-шара болатын. «Иртышъ» - Әлекең редакторлық еткен 3 газеттің алғашқысы. Осыған дейін бұл газеттің жарыққа шығып үлгерген 90-нан астам санынан бары-жоғы 2-ақ саны ғана табылған болса (19-нөмірі Мәскеудегі Ресей мемлекеттік кітапханасынан, 39-нөмірі Санкт-Петербургтен), соңғы жылы Омбыдан «Ресей қазақтары» қоғамдық бірлестігінің белсендісі Данияр Шәріпов Омбының мемлекеттік тарихи-өлкелік мұражайынан «Иртышъ» газетінің 2-ден 92-ге дейінгі сандары түгел сақталғанын анықтады.

Осы тұста бас редактор ретінде Әлиханның қаламынан қандай мақалалар шығып тұрды деген сауал туындары анық. Мәселен, «Иртыштің» 36-нөмірінде 2 мақаласын жариялаған. Оның бірі редакторлық бағанда шыққан. Ешқандай аты-жөн көрсетілмеген. Ал

осы нөмірдегі екінші мақаласы «Қарқараралы петициясына» байланысты жайтты қозғаған «Къ петиціямъ киргизъ» деп аталады. Бұл мақаласы Әлихан Бөкейхан сиректеу қолданған «V» бүркеншік есіммен жарияланған. Алайда, батыл азаматтық-саяси көзқарасы газетке император әкімшілігі шүйлігеді де, оны генерал-губернатор Сухотин өз лауазымы мен тетіктерін пайдаланып «зиянды бағыты» үшін деген желеумен жауап тастайды. Патша әкімшілігінің газетті жабу туралы хаттамаларын Сұлтанхан Аққұлұлы Ресейдің Санкт-Петербургтегі мемлекеттік тарихи мұрағаттарынан тапқан.

«Омичъ» газеті «Иртышъ» газетін жауып тастаған соң, сол 1906 жылдың қарашасынан бастап шыға бастайды. Бұл газеттің де-юре редакторы - В.И. Вереденко деп көрсетілген. Газет өзінің алдында шыққан «Иртышъ» ұстанған бағыттан таймай, өз оқырмандарына айқын көзқарасын жеткізуден тартынбайды. Сол себепті, Әлекең «орыс императорының дала әпербақаны» деп баға берген генерал-губернатор Сухотин бұл газетті де көп ұзамай, «Иртышқа» тағылған айыппен белгісіз мерзімге жауап тастайды. Ең қатты зардап шеккен газет – осы «Омичъ». Оның жалпы 30 нөмірі жарық көрсе, оның әзірге тек 2, 3 және 22 нөмірі табылған. (Д.Шәріповтің мәліметіне қарағанда, «Омичъ» газетінің сол 3 саны Томск мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасында сақталып қалған). Қалғанының бәрін патша әкімшілігі жойып жіберген деп топшылаймыз.

«Голос степи» газеті «Омичъ» жабылған соң, ізін ала 1907 жылдың 1 қаңтарынан бастап шыға бастайды. Де-юре редакторы ретінде деп басында Д.В. Иванов, ал бір айдан соң, ақпаннан бастап В.В. Кирьяновъ деген Омбы азаматтары көрсетіледі. Алайда, бұл басылымның 42 нөмірі шыққан соң, ақпан айында Әлиханды С.-Петербург соты 3 айға абақтыға жабады. Ол қудалауға себеп болған жайт – Бірінші Мемлекеттік Думаны мәжбүрлі түрде таратып жіберген соң, әріптестерімен бірге Финляндия «Халыққа – халық өкілдерінен» атты үндеуге қол қоюы еді. Бірақ ол 3 ай емес, 8 ай мерзімді Семей түрмесінде өтейді. Одан әрі Самараға жер аударылып, Ақпан төңкерісіне дейін сол жақта болады. Қуанышымызға орай, «Голос степи» газетінің Ресей мұрағаттарында барлық 42 нөмірі де сақталып қалған.

Жоғарыда келтірілген деректерді жүйелеп, қандай қорытындыға келуге болады десек, редактордың жеке қалауымен емес, заман бұралаңына сай әр түрлі атпен, әр түрлі редакторы көрсетіліп шыққан бұл үш газеттің бәрі де бірін-бірі жалғап тұрған, біртұтас дүние, бір идея үшін, бір адамның жетекшілігімен шығып тұрған басылым. Неге олай дейміз? Бұған бірнеше себеп бар:

- Аталған үш газеттің хронологиялық тұрғыдан кезектесіп шығуы. (Яғни бір газет қудалауға түсіп, жабылған кезде, іле-шала орнына басқа атпен келесі газет шығып отырған).

- Бір қарағанда, әр түрлі редактор басқарған әр түрлі газет болып көрінсе де, барлық үш газеттің редакциясы бір мекенжай болып көрсетілген. («Омскъ, уголь Тобольской и Екатерининской, домъ Дудолодовой. Телефонъ № 234»).

- Әр газет жабылған жағдайда, сол газетке жазылған тұрақты, ауқымды оқырманына жаңадан ашылған газет есебінен өтелетіні айтылып отырған. (Мыс: «Голос степи» газетіндегі хабарландыру: «Вместо газет «Иртышъ» и «Омичъ» с 1 января 1907 года открыта подписка на газету «Голосъ степи» ///«Подписчикамъ газеты «Иртышъ» и «Омичъ». Подписчикамъ газетъ «Иртышъ» и «Омичъ» высылается «Голосъ степи», и деньги будутъ зачтены за соответствующій подписной плате срокъ» (Орфографиясы сақталған)

- Әлихан Бөкейхан саяси белсенділігі үшін сотталып, жазасын Семейдегі түрмеде өтеген кезде, шығып тұрған үшінші газет уақытша жабылып, шығуын тоқтатқан.

Әлихан Бөкейхан бұл үш газетті шығару кезінде қазіргі тілмен айтқанда, мол менеджменттік-маркетингтік тәжірибе жинады. **Біріншіден**, Әлихан Бөкейханның іс жүзіндегі редакторлық мәртебесі бас мақаланы өзі басқарған үш газеттің де бірінші бағанына аты-жөнін көрсетпестен-ақ орналастыруға мүмкіндік берген. **Екіншіден**, әр газеттің бірінші бетінен бастап орналастырылған жарнама-хабарландырулар – нарық заңдылығын меңгерген, газеттің қаржылық тұрғыдан тәуелсіз болуға ұмтылғандығының айқын көрінісі. Ал егер зерттеушілер ізденісті табанды түрде жалғастырар болса, Әлекең жетекшілік еткен тағы

басқа басылымдарды да табуға болатын сияқты. Мәселен, заңгер Поваренных тек «Иртыштің» ғана емес, «Степной пионер» газетінің де де-юре редакторы екені анықталып жатыр, «Семпалатинский листок» газетінің де іс жүзіндегі шығарушысы зерттеуді қажет ететін «томпақ» тұстар деп айтуға болады. Әзірге білетініміз, «Иртыш», «Омичь» және «Голос степи» газеттері қалың бұқараға 104 жыл бойы қолжетімсіз болып келді. Тек соңғы 5-6 жылдың көлемінде ғана Сұлтанхан Жүсіп мырзаның табанды ізденісінің арқасында, бұл газеттер тарих пен халық игілігіне айналып отыр.

4. Қазақ елінде тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін ұйымдастырып, ашуға мұрындық болуы.

XX ғасырдың басында қазақ жерінің барлық өңірінде дерлік ұлт-азаттық «Алаш қозғалысы» саяси аренаға шығады. Қазақ тілінде газет шығару мен баспахана ашу мәселесі тұңғыш рет жалпыұлттық деңгейде 1905 жылғы 5 шілдеде (кей деректерде 26 маусым) кей деректе 14500 адам (кей деректерде 12 767 мың адам) қол қойып қолдаған «Қарқаралы петициясында» көтеріледі.

Жер-суынан айрылып, тыныс-тіршілігі тарылып, мәдениеті мен тілі құрдымға тақаған қазақтың проблемасы аз болмады. Патша үкіметінің министрлер кабинетіне сөз бостандығы мен ана тілінде оқу, діни еркіндік және тағы басқа өзекті мәселелерді қамтыған бұл құжатты Әлихан, Ахмет, Міржақып бастаған қазақ оқығандары дайындады. Осы маңызды құжаттан кейін, Алаш зиялыларының партия құру, газет шығару, оқу мәселесін жүйелендіру, ұлттық автономия құру туралы саяси әрекеттеріне жол ашылды және Алаш қайраткерлері I, II мемлекеттік Думаға депутат болып сайланып, Ресейдің заң шығарушы жоғары органының мінберінен қазақтың ұлттық мүддесін көтеріп, патшалық биліктің қазақ халқының мәселесіне назар аударуына күш салды. Сөзіміз нақты болу үшін, Петицияның 3-тарауын қарар болсақ, онда былай делінген: «Қазақ халқының күнделікті мұқтаждарын айқындау үшін қазақ тілінде газет шығару қажет, ол үшін газет шығаруға және баспахана ашуға бастапқы цензурасыз тек хабарлау (газет басылып шығатыны туралы) тәртібін орнату керек болады».

«Қазақ» газеті аяқ астынан шыққан жоқ, 1906 жылғы маусымда «Наша жизнь» газеті (СПб) мынадай мәлімет берді: «17 қазан (1905 жылдың 17 қазанында шыққан Манифесті меңзеп отыр) тұсында және одан кейін, Бөкейханов қазақ тілінде газет шығармақ болып, өзінің жерлес қазақтарымен алдағы сайлау және қазақ халқының кезек күттірмес мұқтаждарын талқылау үшін қырға жүріп кетті». Ал М.Құлжабайұлының сөзіне сүйенсек: «Мемлекеттік Дума депутаты ретінде сол кезеңдегі Россия жоғары билік орындарына жақын адамдармен тікелей таныс болуы «Қазақты» ұйымдастыруда аз рөл атқарған жоқ». Ресейлік мұрағат құжаттарына сәйкес, газет шығаруға рұқсат 1905 жылдың 9 желтоқсандағы Генерал-губернатор Сухомлиновтың 14508-өкімімен алынса да, оны шығаруға дайындық бірнеше объективті себептерге сәйкес 1913 жылдың ақпанына дейін жалғасты. (Ол себептер: идея авторларының қайта-қайта түрмеге тоғытылуы, газет өндірісіне қаржы-қаражат іздеу, әрбір ізін баққан патша әкімшілігімен тіл табу, ұйымдастыру жұмыстары, газет шығарудан тәжірибенің болмауы, т.б.) С.-Петербургтағы орталық мұрағатта сақталған Орынбор губернаторының 1913 жылы 5 қаңтардағы Жоғары баспасөз басқармасына берілген бұйрығында Орынбор қаласында қазақ тілінде аптасына бір рет шығатын «Қазақ» газетін шығарып тұруға келесі бір рұқсаттың берілгендігі жазылған.

Газет шығаруға рұқсат Мұстафа Оразайұлы мен бас редакторы ретінде Ахмет Байтұрсынұлына берілгенімен, тұңғыш жалпыұлттық қазақ басылымын шығаруға мұрындық болған, жетекшілік еткен (бұған дейін газет шығаруда мол тәжірибе жинаған) ұлт көсемі Әлихан екеніне жоғарыда келтірілген тарихи айғақ-деректер арқылы көз жеткізе алдық деп ойлаймыз. Оның үстіне Мұстафа Оразайұлы газет құрылтайшысы ретінде көрсету Патшалы Ресей кезінде жарық көрген, қоғамдық өзгерістерді қалаған әдеби қоғамдық-саяси «Современник» журналын шығарған кезде де пайдаланылған болатын. Алаштанушы ғалым Қайрат Сақтың сөзіне сүйенсек, «Бұл тәсіл «Современниктің» жетекшілігінде тұрған Н.А.Некрасов, Н.Г.Чернышевский, В.Г.Белинский сынды интеллигенция өкілдері билік

тарапынан қысымда болғандықтан, 1847-1848 жылдары ресми редакторы ретінде А. В. Никитенконы қойғандай, өзге адамның атына жаздырта тұру амалы болды».

Халел Досмұхамедұлы 1931 жылы ОГПУ (Біріккен мемлекеттік саяси басқарма) тергеушілеріне берген жауабында: «Орта және жоғары білімді қазақ зиялыларының басым көпшілігі «Қазаққа» ерді. Бөкейханов «Қазақтың» басты жетекшісі болды, оның платформасына анықтауға атсалысты», дейді. Ал Мәмбет Қойгелді осыдан 22 жыл бұрын шығарған Әлихан жинағының алғысөзінде кітаптың ұлы күрескердің негізінен «Қазақ» газетіне жариялаған мақалаларынан тұратынын айтады. «Оның мынадай себептері бар, - дейді ол. – Ә.Бөкейханов 1913 жылдың басынан бастап Орынбордан шыға бастаған «Қазақтың» негізін қалап, бағыт-бағдарын анықтаушылардың бірі болып қана қойған жоқ, сондай-ақ газеттің ыстығына күйіп, суығына тоңған ең белсенді және өндірімді авторларының қатарында болды».

«Қазақ» газетінің кәсіби журналистиканың міндетін атқаруы келесідей сипаттармен көрініс тапты:

- Сұранысты қанағаттандыруы
- Көзқарастары билікпен сәйкес келмесе де, шығып тұруы
- Мемлекеттен, жекелеген бай-шонжарлардан тәуелсіз болуға ұмтылуы
- Дарынына білімі сай нағыз біртума талант авторларды тартуы
- Газетте айдарлардың (рубрикалардың) болуы
- Редакция жұмысын ұтымды ұйымдастыруы
- Газеттің мәтіндік сауатты редакциялануы

Осы сипаттары арқылы, «Қазақ» газетінен тәуелсіз журналистикаға айналуға ұмтылыс жасаған батыл қадамдарды көре аламыз. Сонымен қатар, бұдан түйетініміз, Алаш публицистикасы мектеп болып қалыптасып, қазақ жастарының рухани өсіп, кемелденуіне негіз болғандығы айдан анық.

Адам құрын, қоғам мүддесін жоғары қоятын зайырлы, құқықты, азаматтық қоғам тәуелсіз журналистика мықты болған кезде ғана қалыптасатыны анық дүние. Бұл мәселе бүгін де өзекті дей аламыз. Өйткені, ол жоқ жерде ақпараттық қауіпсіздікке нұқсан келіп, шығармашылық ізденіс жоғалып, халық ақпарат көзіне сенуден қалады. Біз Әлихан Бөкейхан бастаған арыстарымыздың осы идеясын бүгінгі күнде жаңғырту арқылы ғана құқықтық мемлекет құра аламыз. Ел болашағы – қоғамдық негіздегі тәуелсіз журналистикада. Алаштықтар аңсаған, бүгінгі ел боп қосшаған «Мәңгілік ел» идеясы – БАҚ-тың рөлі дербес институт ретінде көрініс тапқанда ғана ел игілігіне сай жүзеге асар асыл мұрат.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. Құраст: М.Қойгелдиев – Алматы: Қазақстан, 1994.
2. Сұлтан Хан Аққұлұлы. Әлихан Бөкейхан. Зерттеулер, мақалалар, сұхбаттар. Алматы: Ер Жәнібек. 2016. 483-497б.б. «Әлихан Бөкейханның публицистикасы мен бүркеніш есімдері турасында».
3. Швецов С.П. Омская газета «Степной край» и политическая ссылка. К истории сибирской печати.// «Северная Азия», журн., № 1, 1930, 110-бет. Москва.
4. Ф.А. Брокгауз, И. А. Ефрон, Новый энциклопедический словарь, том 8. 1908 год. СПб.
5. http://rus.azattyq.org/content/alikhan_bukeikhan_omich_irtyshe_newspapers/2050668.html/
6. «Қазақ» газеті. Құраст: Ү.Субханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сахов //Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. 1998. 8-б.
7. Сақ Қайрат Өмірбайұлы. “ҚАЗАҚ” - ӨЗІН-ӨЗІ ҚАРЖЫЛЫНДЫРҒАН ГАЗЕТ <http://www.enu.kz/repository/repository2014/kazakh-ozin-ozu.pdf>
8. ХХІ ғасырдағы Алаштың ақ жолы. –Алматы: Экономика. 2015. Қ.Сақ «Алаш көсемсөзінің тарихи маңызы мен өміршеңдік мәні», 255-б.